



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2024 жылғы 16 қазан

KASE 2024 жылдың үшінші тоқсаны және тоғыз айы үшін биржалық нарық жұмысының қорытындыларын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2024 жылғы тоғыз айдағы қызметінің негізгі қорытындылары туралы:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 290,8 трлн теңгені құрады және 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,6 %-ға немесе 7,5 трлн теңгеге өсті.
- KASE индексінің мәні 23,5 %-ға 5 171,79 тармаққа дейін өсті.
- Акциялар нарығын капиталдандыру 17,8 %-ға немесе 4,7 трлн теңгеге 31,5 трлн теңгеге дейін өсті.
- 2024 жылдың басынан бері KASE ресми тізіміне 69 эмитенттің 151 атауындағы бағалы қағаздар енгізілді, олардың 22-сі алғаш рет листинг процедурасынан өтті.
- 2024 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша KASE сауда тізімдерінде 725 эмитенттердің 256 атауындағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.

ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2024 жылдың үшінші тоқсанында KASE қатысуымен мынадай іс-шаралар өткізілді:

Бизнеске арналған іс-шаралар

- "Эмитент күні" шеңберінде KASE инвесторлар, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және БАҚ үшін мынадай кездесулер өткізді:
 - "Отбасы банкі" АҚ Басқарма төрағасымен, іс-шара шеңберінде банктің 2023 жылғы қызметінің қаржылық нәтижелері, облигациялардың жоспарланған шығарылымдары туралы ақпарат және тұрғын үй жобаларын іске асыру жоспарлары айтылды;
 - "Altyn Samruk Qazaqstan" ЖШС басшылығымен кездесу барысында өндірістік үдеріс, технологиялық ерекшеліктер және экологиялық стандарттардың сақталуы, сондай-ақ компанияның облигацияларын орналастыру мәселелері талқыланды.
 - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ басшылығымен, іс-шара шеңберінде компанияның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы операциялық және қаржылық нәтижелері жарияланды;
 - "ҚазТрансОйл" АҚ басшылығымен, іс-шара шеңберінде компанияның 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы операциялық және қаржылық нәтижелері жарияланды.
- Биржа "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыповтың қатысуымен KASE Talks өткізді. Әңгімелесу барысында Қордың портфельдік компанияларының активтерін жекешелендіру бағдарламасының нәтижелері, өткен және алда болатын IPO/SPO және Қордың шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жоспарлары, сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыру жөніндегі жобалар талқыланды.

Оқыту іс-шаралары

07 қазаннан бастап KASE бөлшек инвесторларға арналған ақпараттық-білім беру бағдарламасын іске қосты:

- 07 қазанда Дүниежүзілік биржа федерациясы (WFE) және Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы (IOSCO) – Ring the Bell for Financial Literacy шеңберінде қаржылық сауаттылық жобаларын қолдау мақсатында сауда-саттықтың ашылу рәсімі, сондай-ақ жыл сайынғы KASE "Биржалық симулятор" конкурсының салтанатты жабылуы өтті;
- 2024 жылдың 08-24 қазан аралығында KASE қор нарығының құралдары туралы хабардарлықты арттыру үшін "Менің KASE-дегі портфельім" тегін білім беру вебинарларының сериясын іске қосты;
- 2024 жылдың 21 қазан мен 21 қараша аралығында KASE бөлшек инвесторлар конкурсын өткізеді;
- KASE қазақстандық брокерлердің KASE FEST жәрмеңкесін Павлодар қаласындағы Инновациялық Еуразия университетінің алаңында және Астана қаласындағы Мақсұт Нарықбаев университетінің алаңында өткізді. Іс-шара шеңберінде KASE және брокерлік ұйымдардың өкілдері қатысушыларға қор нарығындағы инвестициялау, брокерлік компаниялармен өзара іс-қимыл туралы айтып берді. 2024 жылдың 24 қазанында KASE FEST Алматы қаласында Қазақстан-Британ техникалық университетінде өткізу жоспарланып отыр

Халықаралық ынтымақтастық

- KASE, KASE клиринг орталығы (KACC) және Abu Dhabi Securities Exchange (ADX) жаһандық инвесторлардың қазақстандық қаржы құралдарына қолжетімділігін арттыру және қазақстандық инвесторлардың алдында халықаралық нарықтарда шетелдік бағалы қағаздарды сату үшін жаңа мүмкіндіктер ашу үшін Tabadul цифрлық биржалық хабына қосылу туралы келісімге қол қойды.
- KASE және Muscat Stock Exchange (MSX) Оман Сұлтандығы мен Қазақстан Республикасындағы қаржылық қызмет көрсету индустриясын дамыту және тараптардың өзара пайдасына байланыс арналарын жеңілдету және әріптестікке жәрдемдесу үшін ынтымақтастық туралы меморандум жасасты.
- KASE және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Citibank N.A. қолдауымен Лондон қаласында (Ұлыбритания) "Kazakhstan Local Currency Bond Market" тақырыбында конференция өткізді, онда спикерлер Қазақстандағы макроэкономикалық перспективалар мен инвестициялық мүмкіндіктерді талқылады.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығын капиталдандыру жыл басынан бері 17,8 %-ға немесе 4,7 трлн теңгеге өсіп, 31,5 трлн теңгені (65,7 млрд USD) құрады. Бұл ретте 2024 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 2,5 %-ға немесе 819,6 млрд теңгеге төмендеді.

2024 жылғы қыркүйектің аяғында KASE сауда-саттық тізімдерінде 85 эмитенттің 100 атаудағы акциялары, оның ішінде листингілік емес бағалы қағаздар секторында – екі компанияның екі атаудағы акциялары болды. KASE ресми тізімінде үшінші тоқсанда өзгеріс болған жоқ.

2024 жылдың тоғыз айында акциялармен сауда-саттық көлемі 229,1 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 10,7 %-ға немесе 27,5 млрд теңгеге төмендеді.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 1 238,6 млн. теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны - 6 523, бір мәміленің орташа көлемі – 189,9 мың теңгені құрады.

Бастапқы нарықтың көлемі 49,5 млрд теңгеге бағалануда. Акциялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 30,0 %-ға немесе 76,8 млрд теңгеге төмендеп, 179,6 млрд теңгені құрады. 2024 жылдың үшінші тоқсанында акциялардың қайталама нарығының көлемі 2024 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 74,7 % ұлғайып, 74,6 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттарының арасында жеке тұлғалардың үлесі акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы айналымының 62,4 %-ын құрады. Банктердің үлесі 1,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 17,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 2,8 % құрады, өзге заңды тұлғалардың үлесі 15,9 % жетті. Бейрезиденттердің қатысуы 7,3 % деп бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

Жыл басынан бері KASE индексі 23,5 %-ға өсіп, 5 171,79 тармаққа жетті. 2024 жылдың үшінші тоқсанында KASE индексінің өсуі 0,4 %-ды құрады.

Тоғыз айда индекстік акциялармен жасалған мәмілелердің жалпы көлемі 102,6 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың ең көп көлемі "Қазақстан Халық банкі" АҚ жай акцияларына тиесілі болды – 16,7 млрд теңге (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 16,3 %) *.

KASE өкілетті тізіміне кіретін акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акция үшін теңге			Сауда-саттық көлемі *, млн теңге		
		01.10.24	01.01.24	Δ, %	9М 2024	2023 9М	Δ
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	1 905,00	977,06	+95,0	7 727,2	2 352,3	+5 374,9
"Kcell" АҚ	KCEL	3 198,50	1 954,98	+63,6	6 642,1	8 174,7	-1 532,6
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	209,60	163,60	+28,1	16 677,0	11 310,4	+5 366,6
Kaspi.kz АҚ	KSPI	56 455,00	45 600,00	+23,8	8 096,2	3 051,7	+5 044,5
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ	KMGZ	13 899,00	11 541,00	+20,4	16 246,7	144 663,9	-128 417,2
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	38 100,00	34 500,00	+10,4	7 554,1	5 234,5	+2 319,6
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 505,00	1 482,00	+1,6	9 512,8	939,3	+8 573,5
"Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	18 234,97	18 460,00	-1,2	8 150,6	6 568,7	+1 582,0
"ҚазТрансОйл" АҚ	KZTO	815,12	865,00	-5,8	5 980,0	6 891,1	-911,1
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	841,00	-	-	16 009,1	-	-

* ірі мәмілелерді және тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Индекс тізіміндегі он компанияның жетеуі 2024 жылдың тоғыз айында жасыл аймақта жабылды.

Өсудің негізгі драйвері "Банк ЦентрКредит" АҚ-ның бағасына 95,0 % қосылған жай акциялары болды. Банк S&P Global Ratings агенттігінің Банктің рейтингтері бойынша болжамды "Тұрақты" - тен "Позитивті"-ге көтергені туралы, сондай-ақ Банктің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингін "BB-/B" деңгейінде растағаны туралы хабарлады. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі "Банк ЦентрКредит" АҚ-на "BCC Life "өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ сақтандыру ұйымын құруға рұқсат берді.

"Кселл" АҚ телекоммуникация секторы өкілінің жай акциялары 63,6 % құнымен екінші орынды иеленді. Компания акционерлер құрамының өзгергенін хабарлады: ірі акционерлер құрамына "KC HOLDING LTD" жеке компаниясы кірді.

"Қазақстан Халық Банкі" АҚ көшбасшылар үштігін жабады, оның жай акциялары 2024 жылдың тоғыз айында 28,1 %-ға 209,60 теңгеге дейін өсті. Банк 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы қаржылық нәтижелерін хабарлады. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы пайыздық кірістер 2023 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 29,7 %-ға өсті. 2024 жылғы бірінші жартыжылдыққа кредиттік залалдар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс 2023 жылғы бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 32,1 %-ға өсті.

Kaspi.kz АҚ жай акцияларының бағасы жыл басынан бері 23,8 %-ға өсті. Қыркүйектің соңында компанияның NASDAQ-дағы акциялары 23 %-дан астамға \$91 дейін төмендеп, кейіннен \$99 дейін қалпына келді. Компания Fitch Ratings агенттігінің "Тұрақты" болжамын растағаны туралы, сондай-ақ "BBB-" деңгейінде ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингті растағаны туралы хабарлады.

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ Ақтөбе облысындағы "Қаражар" учаскесінде көмірсутектерін барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруға қол қойылғаны туралы хабарлады. ҚМГ 2024 жылдың бірінші жартысындағы өндірістік нәтижелерін жариялады. Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,1 %-ға өсіп, 11 989 мың тоннаны құрады, ал мұнай тасымалдау көлемі 6,2 %-ға ұлғайып, 41 733 мың тоннаны құрады. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ жай акцияларының бағасы жыл басынан бері 20,4 %-ға өсті.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

2024 жылғы қыркүйектің аяғында "KASE Global" секторында 55 шетелдік эмитенттің 58 бағалы қағазы, оның ішінде 46 атаудағы акциялар және 12 шетелдік эмитенттің ETF болды.

2024 жылдың тоғыз айында "KASE Global" секторында сауда-саттық көлемі 25,7 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,1 %-ға немесе 4,2 млрд теңгеге төмен. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 139,1 млн. теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 431, бір мәміленің орташа көлемі – 323,1 мың теңгені құрады.

Тоғыз айдағы сауда-саттықтың ең көп көлемі мынадай акцияларға тиесілі болды:

- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 1 197,8 млн теңгеге 8 591 мәміле;
- Ford Motor Company (F_KZ) – жалпы сомасы 380,3 млн теңгеге 7 625 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 4 839,4 млн теңгеге 7 226 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде ең көп үлес жеке тұлғалардың үлесіне 47,5 %, брокер-дилерлердің үлесіне 33,2 %, банктердің үлесіне 0,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесіне 19,2 % тиесілі болды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша KASE-де сатылатын корпоративтік борыш көлемі 5,1 %-ға немесе 684,4 млрд теңгеге 14,2 трлн теңгеге дейін (29,6 млрд USD) ұлғайды. Бұл ретте 2024 жылдың үшінші тоқсанында корпоративтік борыш көлемі 0,8 %-ға немесе 109,3 млрд теңгеге өсті.

2024 жылдың 01 қазанында KASE сауда-саттық тізімдерінде 476 эмитенттердің корпоративтік облигацияларының 120 шығарылымы болды. Жыл басынан бері KASE ресми тізіміне 60 эмитенттің 125 облигация шығарылымы (20 жаңа) енгізілді, оның ішінде 2024 жылдың үшінші тоқсанында листинг рәсімінен 27 эмитенттің 60 облигациясы (жеті жаңа) өтті: "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ 18 шығарылымы, "Микроқаржы ұйымы аФинанс" ЖШС, "Ломбард" GoldFinMarket" ЖШС, "Bereke Bank " АҚ, "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ және "МҚҰ ОнлайнКаФинанс" АҚ үш шығарылымынан, "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС, "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Групп)" ЖШС, "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ" ЖШС, "Лизинг Групп" АҚ, "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан" МҚҰ" ЖШС, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ екі шығарылымынан және "Арма-Сервис" АҚ, "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, "ҚазАгроҚаржы" АҚ, "Fincraft Group" ЖШС, "АИТҚ SNS INVESTMENTS (СНС ИНВЕСТМЕНТС)" АҚ, "Банк "RБK" АҚ, "Алтын Кредит" МФО" ЖШС, "BASS Gold" ЖШС, "Сейф-Ломбард" ЖШС, "МҚҰ «Swiss Capital (Свисс Капитал)" ЖШС, "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Aspan Almaty Qala" ЖШС, "Terra" ЖШС, "A-cars" ЖШС бір шығарылымынан бар.

KASE_BMY индексі (негізгі алаңның корпоративтік облигацияларының кірістілік индексі) жыл басынан бері 102 б.т. төмендеп, жылдық 13,44 %-ға жетті.

2024 жылдың тоғыз айында сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 74,8 %-ға немесе 1,3 трлн теңгеге ұлғайып, 3,1 трлн теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 16,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 3,2 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны - 355 (қайталама нарықта – 331), бір мәміленің орташа көлемі 47,4 млн теңгені (қайталама нарықта – 9,7 млн теңге) құрады.

2024 жылдың тоғыз айында KASE-де жалпы сомасы 2,5 трлн теңгеге 52 эмитенттің облигацияларының 98 шығарылымы орналастырылды, бұл өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 92,0 %-ға жоғары. Оның ішінде үшінші тоқсанда 1,2 трлн теңге тартылды, 29 эмитент өз облигацияларының 46 шығарылымын орналастырды:

- "Bereke Bank" АҚ жылдық 13,85-13,95 % өтелетін және бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге өтелетін облигациялардың үш шығарылымын орналастыра отырып, 300,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" АҚ жылдық 4,05-8,79 % өтелетін және алты жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге өтелетін облигациялардың үш шығарылымын орналастыра отырып, 180,0 млрд теңге тартты;
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ жылдық 14,25 % өтелетін және өтелгенге дейін 5 жыл мерзімімен екі облигация шығарылымын орналастырып, 170,5 млрд теңге тартты;
- "Bank RBK" АҚ жылдық 4,00-14,50 % өтелетін және бір жылдан 7 жылға дейінгі мерзімге өтелетін облигациялардың үш шығарылымын орналастыра отырып, 103,9 млрд теңге тартты;
- "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ облигациялардың үш шығарылымын орналастырды және мыналарды тартты:

- 5,49 % және 5,50 % өтелетін және 9 ай және 1 жыл өтелгенге дейінгі мерзімі бар облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып 38,4 млн, АҚШ доллары (18,3 млрд, теңгеге баламалы),
- өтелгенге дейінгі мерзімі 9,3 жыл облигацияларды орналастыра отырып, 50,0 млрд теңге;
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ жылдық 13,30-13,72 % өтеуге орташа алынған кірістілігі және 11 айдан екі жылға дейінгі өтеуге дейінгі мерзімі бар облигациялардың бес шығарылымын орналастыра отырып, 66,8 млрд теңге тартты;
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ жылдық 13,46-14,05 % өтеуге орташа алынған кірістілігі және бір жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 65,0 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жылдық 12,79 %-дық жеті жылдық облигацияларды орналастырып, 39,1 млрд теңге тартты;
- "Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан" МҚҰ" ЖШС жылдық 14,00 % және төрт жылдан бес жылға дейін өтелгенге дейінгі мерзіммен облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 8,5 млрд теңге тартты;
- "Capital Leasing Group (Капитал Лизинг Груп) " ЖШС жылдық 20,00-20,50 %-бен үш жылдық облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 5,0 млрд теңге тартты;
- "Home Credit Bank" АҚ KASE-де жылдық 17,25 %-дық бесжылдық облигацияларды орналастыра отырып, 4,4 млрд теңге тартты;
- "Банк ЦентрКредит" АҚ жылдық 4,50 % өтеуге кірістілігі бар алты айлық дисконттық облигацияларды орналастыра отырып, \$3,9 млн (1,9 млрд теңгеге балама) тартты;
- "R-Finance "микроқаржы ұйымы" ЖШС KASE-де 1,7 млрд теңге тартып, жылдық 22,00 % -бен үш жылдық облигацияларды орналастырды;
- "Микроқаржы ұйымы аФинанс" ЖШС жылдық 22,00 % облигациямен және бір жыл өтелгенге дейінгі мерзіммен 1,1 млрд теңге тартты;
- "A-cars" ЖШС жылдық 21,00 % өтеуге кірістілігі бар үш жылдық "жасыл " облигацияларды орналастыру арқылы 500,0 млн теңге тартты;
- "Терра" ЖШС жылдық 19,75 % -дық бесжылдық облигацияларды орналастырып, 445,0 млн теңге тартты;
- "МҚҰ ЭКО - Финанс" ЖШС екі жылдық облигацияларды жылдық 22,00 % -бен орналастыра отырып, 20,0 млн теңге тартты;
- "BASS Gold" ЖШС жылдық 11,00 %-дық екі жылдық облигацияларды орналастырып, 9,4 мың АҚШ долларын (4,5 млн теңгеге балама) тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында 2024 жылғы тоғыз айда банктердің үлесі 18,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,8 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 27,4 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 51,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,9 % құрады. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,5 %-ды құрады.

Облигациялардың қайталама нарығында 2024 жылдың тоғыз айында сауда-саттық көлемі 27,1 %-ға немесе 2023 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 127,0 млрд теңгеге 595,7 млрд теңгеге дейін өсті. 2024 жылдың үшінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 363,3 трлн теңгені құрады және 2024 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 2,9 есе өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында 2024 жылдың тоғыз айында банктердің үлесі 28,0 %-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 3,5 % -ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 7,0 %-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 49,0 %-ды құрады, жеке тұлғалардың үлесі 12,6 %-ға тең. Бейрезиденттердің үлесі 8,4 %-ды құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБК)

2024 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша KASE-де сатылатын мемлекеттік борыш сомасы жыл басынан бері 14,3 %-ға немесе 3,4 трлн теңгеге ұлғайып, номиналды құны бойынша

27,3 трлн теңгеге (56,9 млрд USD). 2024 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша мемлекеттік қарыз сомасы 7,1 %-ға немесе 1,8 млрд теңгеге өсті.

МБҚ-ның KASE-дегі сауда-саттығының жиынтық көлемі 6,8 трлн теңгені құрады және 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,2 %-ға немесе 153,8 млрд теңгеге төмендеді. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 36,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 7,9 млрд теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 20 (қайталама нарықта – 13), бір мәміленің орташа көлемі – 1,8 млрд теңгені (қайталама нарықта – 0,6 млрд теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 9,3 %-ға немесе 456,2 млрд теңгеге 5,4 трлн теңгеге дейін өсті. Оның ішінде 355,5 млрд теңгені 17 облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері жылдық 0,02-4,24 % (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясындағы іс-шараларды қаржыландыру мақсатында) тартты. Қаржы министрлігі 0,8 жылдан 15,9 жылға дейінгі мерзіммен 37 шығарылымды (6 жаңа шығарылым және 31 шығарылым ірілендірілген) орналастырып, жылдық 10,74-13,50 % өтеуге орташа алынған кірістілікпен 5,0 трлн теңге тартты.

Бұл ретте 2024 жылдың үшінші тоқсанында орналастыру көлемі 1,6 трлн теңгені құрады, бұл 2024 жылдың екінші тоқсанындағы орналастыру көлемінен 13,7 %-ға аз. Оның 236,0 млрд теңгесін әкімдіктер, 1,4 трлн теңгесін Қаржы министрлігі тартты. Қаржы министрлігін орналастыру аукциондарындағы мөлшерлемелер жылдық 13,00-13,50 % диапазонында қалыптасты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылдың тоғыз айында банктердің үлесіне 55,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 0,5 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 33,8 % тиесілі болды, өзге заңды тұлғалардың үлесі 10,2 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,2 %-ды құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 29,6 %-ға төмендеп, 1,5 трлн теңгеге жетті. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі 48,2 % немесе жалпы сауда-саттық көлемінің 700,3 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі – 49,6 % немесе 721,1 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі – 0,9 % немесе 12,7 млрд теңгені құрады. Қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге тиесілі болды және 1,3 %-ды немесе 19,3 млрд теңгені құрады.

2024 жылдың үшінші тоқсанында қайталама нарықтағы МБҚ сауда-саттығының көлемі 443,3 млрд теңгені, 2024 жылғы екінші тоқсандағы қайталама нарықтың сауда-саттық көлемінен 17,5 %-ға төмендеп, бұл ретте қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттықтың үлесі – 39,9 % немесе сауда-саттықтың жалпы көлемінен 176,7 млрд теңге, МЕКАМ үлесі – 57,8 % немесе 256,0 млрд теңге, Қазақстан Республикасының еурооблигациялар үлесі – 1,4 % немесе 6,0 млрд теңге. Қалған 1,0 % құрайтын көлем (4,5 млрд теңге) шет мемлекеттердің МБҚ-мен жасалған мәмілелерге тиесілі болды.

Тоғыз ай ішінде МБҚ қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылы банктердің үлесі 47,5 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 2,2 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 9,7 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 39,1 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1,5 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 8,1 %-ды құрады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есепті кезеңнің аяғында KASE сауда-саттық тізімдерінде жеті халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 62 шығарылымы болды: Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің 24 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 18 шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) төрт шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің үш шығарылымы және Еуропалық инвестициялық банк пен Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2024 жылдың басынан бастап ресми тізімге алты халықаралық қаржы ұйымының облигацияларының 22 шығарылымы енгізілді: Азия даму банкі мен Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы, Еуразиялық даму банкінің тоғыз шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы және Халықаралық қаржы корпорациясының бір шығарылымы. Тоғыз ай ішінде айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты ресми тізімнен облигациялардың 19 шығарылымы алынып тасталды.

Өткен кезеңде сауда-саттық көлемі 241,9 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 17,6 %-ға немесе 36,2 млрд теңгеге жоғары.

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 219,3 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 35,0 %-ға немесе 56,9 млрд теңгеге ұлғайды. Үшінші тоқсанның

қорытындысы бойынша орналастыру көлемі 2024 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 18,7 %-ға өсіп, 38,7 млрд теңгені құрады. Барлық көлемді Еуразиялық даму банкі тартты, ол жылдық 14,30 % -бен үш жылдық облигацияларды орналастырды.

Тоғыз айда бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылы банктердің үлесі 54,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 2,0 %, басқа да институционалдық инвесторлардың үлесі – 33,2 %, өзге де заңды тұлғалардың үлесі – 10,0 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,2 % құрады. Бейрезиденттердің үлесі 0,5 % құрады.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 22,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 47,8 %-ға немесе 20,7 млрд теңгеге төмен. Бұл ретте үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша сауда-саттық көлемі 2024 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 3,6 есе өсіп, 14,2 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 2024 жылғы тоғыз айда банктердің үлесіне 7,6 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 22,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 11,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – 30,0 %, жеке тұлғалардың үлесіне – 28,4 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 26,5 % деп бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ПАЙЛАРЫ

2024 жылғы 01 қазанда "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания мен алты ETF басқаратын инвестициялық пай қорлары құралдарының 17 болды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 9,3 млрд теңгені құрады, бұл ұқсас кезеңнің нәтижесінен 14,5 %-ға немесе 1,2 млрд теңгеге жоғары.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 51,8 %-ы жеке тұлғаларға, 33,4 %-ы брокер-дилерлерге және 14,7 %-ы өзге де заңды тұлғаларға тиесілі. Бейрезиденттердің қатысуы 19,6 % деп бағаланады.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2024 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан халық жинақ банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтелеком" АҚ, "ForteBank" АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылатын алты шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды.

2024 жылдың тоғыз айындағы сауда-саттық көлемі 2,0 млрд теңгені құрады және 2023 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 27,6 %-ға немесе 431,2 млн теңгеге өсті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 47,0 % жеке тұлғалардың шоттарына, 35,4 % – брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 4,6 % – басқа институционалдық инвесторларға және 13,0 % – өзге заңды тұлғаларға тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 0,6 %-ды құрады.

ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

Тоғыз айда шетел валютасы нарығындағы сауда-саттық көлемі 25,5 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14,2 %-ға немесе 3,2 трлн теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 138,1 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 786, бір мәміленің орташа көлемі – 175,7 млн теңгені құрады. 2024 жылдың үшінші тоқсанында сауда-саттық көлемі 9,9 трлн теңгені құрады және екінші тоқсанмен салыстырғанда 22,6 %-ға өсті.

Төмендегі кестеде KASE-де сатылатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтіріледі (сауда-саттық көлеміндегі көлемнің, үлестің өзгеруі, мәмілелер саны өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты көрсетілген; бағамның өзгеруі жыл басына шетел валютасының теңгеге шаққандағы орташа алынған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Валюталық жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін бағаланатын валютаның саны	Қыркүйек айының соңындағы бағам (өлшем %)
USD/KZT	40 259,1 (+38,6 %)	72,3 % (+13,5 %)	105 904 (+29 420)	438,75-484,90	481,11 (+5,8 %)

Валюта лық жұп	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда- саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Мин. және макс. бағамдар, базалық бірлік үшін бағаланатын валютаның саны	Қыркүйек айының соңындағы бағам (өлшем %)
RUB/KZT	607 261,6 (x2,7)	12,3 % (+7,0 %)	30 127 (+12 562)	4,7289-5,6699	5,1584 (+1,9 %)
CNY/KZT	5 611,0 (+49,2 %)	1,4 % (+0,3 %)	2 981 (+1 529)	60,7700-68,8700	68,8449 (+7,6 %)
EUR/KZT	562,1 (-24,0 %)	1,1 % (-0,5 %)	2 998 (-80)	472,86-541,35	538,01 (+6,7 %)
EUR/USD	1 440,0 (-88,9 %)	2,9 % (-25,9 %)	2 020 (-528)	1,0620-1,1203	1,1183 (+0,6 %)
USD/CNY	5 558,1 (x 2,6)	10,0 % (+5,6 %)	1 296 (+639)	6,9855-7,3103	6,9911 (-1,7 %)
EUR/CNY	12,0 (-)	0,02 % (-)	20 (-)	7,8100-7,8271	7,8100 (-0,3 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2024 жылғы тоғыз айда 2023 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,2 % немесе 3,1 трлн теңгеге ұлғайып, 254,9 трлн теңгені құрады.

29 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1,00 пайыздық дәлізі бар жылдық 14,25 % деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Тиісінше, өтімділікті ұсыну бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 15,25 %, өтімділікті алу бойынша тұрақты қол жеткізу операциялары бойынша – 13,25 % құрады.

Бір жұмыс күніне ашық USD/KZT валюталық своп операциялары және МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа өлшенген мәнін білдіретін MM_Index ақша нарығының композиттік индикаторы 2024 жылғы қыркүйектің соңына қарай жылдық 15,19 %-дан 12,36 %-ға дейін 283 б.т. төмендеді.

Репо операциялары нарығы

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 2024 жылдың тоғыз айында 197,1 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі көлемнен 6,0 %-ға немесе 12,6 трлн теңгеге төмен. Операциялардың орташа күндік көлемі 1 065,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 770, бір мәміленің орташа көлемі – 1 384,1 млн теңгені құрады.

МБҚ-мен авторепо сауда-саттық көлемі 143,0 трлн теңгені немесе жалпы репо көлемінің 72,6 %-ын, ҰБҚ-мен авторепо – 53,9 трлн теңгені немесе 27,3 %-ын, ҰБҚ-мен тікелей репо – 124,5 млрд теңгені немесе 0,1 %-ын, МБҚ-мен тікелей репо – 0,1 млрд теңгені немесе 0,01 %-ын құрады КҚС-мен авторепо – 24,3 млрд теңге немесе 0,01 %.

Қыркүйектің соңына қарай TONIA индикаторы (Биржада МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында бір жұмыс күні мерзімге жасалған репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,19 %-дан 13,18 %-ға дейін 301 б.т. төмендеді.

TRION индикаторы (Биржа Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында бір күн ішінде Биржада жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 16,19 %-дан 13,18 %-ға 301 б.т. төмендеді.

TWINA индикаторы (Биржада Орталық контрагенттің қызметтерін пайдалана отырып клирингтік қызметті жүзеге асыратын МБҚ қоржынының бағалы қағаздарымен автоматты репо секторында жасалған жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме) жылдық 15,50 %-дан 13,32 %-ға дейін 218 б.т. төмендеді.

Валюталық своп операцияларының нарығы

2024 жылдың тоғыз айында валюталық своп операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі 57,8 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңіндегі көлемнен 37,6 %-ға немесе 15,8 трлн теңгеге жоғары. Жыл басынан бері операциялардың орташа күндік көлемі 312,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа күндік саны – 61, бір мәміленің орташа көлемі – 5,1 млрд теңгені құрады.

Құралдық құрылымда 57 070,9 млрд теңге немесе своп сауда көлемінің 98,8 %-ы USDKZT своптарына, 458,9 млрд теңге немесе 0,8 % - RUBKZT, 237,4 млрд теңге немесе 0,4 % - EURKZT своптарына, 13,7 млрд теңге немесе 0,1 %, - EURUSD своптарына, 0,7 млрд теңгеге немесе 0,1 %, - CNYKZT своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Құрал	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, млн валюта бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	20 419,7	44 368,3	35,3 %
	USDKZT_0_002	36 477,6	79 857,4	63,1 %
	USDKZT_1_001	35,9	78,5	0,1 %
	USDKZT_0_01W	104,7	227,0	0,2 %
	USDKZT_0_01M	10,6	22,1	<0,1 %
	USDKZT_0_03M	22,4	50,0	<0,1 %
	EUR/KZT	EURKZT_0_001	0,4	0,9
EURKZT_0_002		235,0	479,0	0,4 %
EURKZT_1_001		1,9	0,3	<0,1 %
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	42,1	8 000,1	0,1 %
	RUBKZT_0_002	319,3	65 200,0	0,6 %
	RUBKZT_1_001	97,5	18 796,0	0,2 %
CNY/KZT	CNYKZT_0_001	0,4	6,0	<0,1 %
	CNYKZT_1_001	0,3	4,0	<0,1 %
EUR/USD	EURUSD_0_001	0,1	0,1	<0,1 %
	EURUSD_1_001	13,6	25,7	<0,1 %

Бір күндік долларлық своптың кірістілігі SWAP-1D (USD) қыркүйектің аяғында жыл басынан бері 239 б.т. төмендеп, жылдық 7,21 % жетті. Екі күндік валюталық своптың кірістілігі SWAP-2D (USD) жыл басынан бері 447 б.т. жылдық 7,51 % дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында саудаға АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамына, ресей рублінің теңгеге шаққандағы бағамына, KASE индексіне, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына жеткізілімсіз фьючерстер қолжетімді.

Тоғыз ай ішінде деривативтер нарығында ресейлік рубльдің теңгеге шаққандағы бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ мен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына 34,1 мың теңге сомасына фьючерстермен 4 мәміле жасалды. 01 қазанда деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығы – репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және

отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары"
бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.